

«Бекітемін»:

Мектеп директоры: Қаймульдина Б.Б.



**«Жас сарбаз» үйірмесінің
2022 – 2023 оқу жылына арналған күнтізбелік
жоспары.**



Жетекшісі: Байшураев С.Р.

2022 – 2023 оқу жылы

Түсінік хат

Бұл бағдарламада әскери іс негіздерін оқып үйрету процесінде оқушылардың азаматтық көзқарасын қалыптастыру, ҚР егемендігін қорғау қажеттілігіне көз жеткізу, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауға саналы түрде даяр болуға үйрету міндеттерін шешеді. Тактикалық дайындық бойынша сабақтардың барлық тақырыптары оқушыларды жалпы әскери ұрыс негіздерін оқып үйренуге, ұрыста іс-әрекет жасай алуға бағытталған.

Практикалық сабақтарды өткізу үшін автомат макеттері пайдаланылады.

Атыс дайындығы бойынша сабақ өткізу кезінде басты назарды қару-жарақ және оқ дәрілермен жұмыс істеу кезіндегі қауіпсіздік шараларға аудару қажет.

Саптық дайындық бойынша барлық сабақтар сап алаңында өтеді. Саптық элементтерді орындауды дағдыға айналдыру АӨТД сыныптан тыс өтетін іс-шаралары кезінде де жалғастырылуы қажет.

Әскери топография бойынша сабақтар, оқушыларды бейтаныс жерде картасыз бағдарлана білуге, өзінің тұрған жерін анықтай алуға және компас көмегімен берілген азимут бойынша нысанаға қарай қозғалу маршрутын таңдай білуге үйретуді қарастырады.

АҚ пен медициналық білім негіздері сабағы үйренушілерді бейбіт және соғыс уақыттарында ҚР халқын табиғи зілзала зардаптардан, ірі апаттардан құтқару және қарсыласқа қазіргі кездегі жою құралдарын пайдалану, алғашқы медициналық көмек көрсетуді жүзеге асыратын іс-шаралармен таныстырады.

Пән бойынша оқу жүктемесі

Мектептің оқу жоспарына сәйкес: 9,11 сыныпта - аптасына 1 сағат, барлығы оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Мақсаты:

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру; оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету.

Жастардың алғашқы әскери дайындығы мынандай мақсатта өткізіледі:

- Қазақ жеріне, халқына деген патриоттық рухын ояту, тәрбиелеу;
- Жауынгерлік сал-дәстүрлерді құрметтеу, әскери – оқу орындарына түсем деушілерге бағыт беру;
- ҚР ҚК-нің жаңа қару – жарак түрлерінен ақпарат беру, қару ұстаудағы қауіпсіздік шараларымен таныстыру;
- Қалалық, мектепшілік әскери-спорттық жарыстарға қатысып білімдерін практикалық шыңдау;
- Денешынықтыру жаттығуларын меңгеру, салауатты өмір салтын наихаттау;
- Ұжыммен жұмыс жасауға, әрқашан көмекке келуге, өзіне жүктелген міндеттерге жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
- Жан-жақты, алғыр, шапшаң, тәрбиелі болашақ Отан қорғаушы болуға тәрбиелеу;

Міндеттері:

Үйірмеге қатысушыларды оқытудың, үйретудің басты міндеттерінің негізі, нақты дидактикалық тапсырмалар қарастырылады, оның ішінде аса маңыздысы оқушылардың сенімділігін, саналы түрде Қазақстан Республикасы егемендігін қорғау қажеттілігін, әскери қызметке жауапкершілікпен қарауды қалыптастыру болып табылады.

- Қазақстан Республикасының азаматы ретінде Отан алдындағы борышын өтеу, қасиетті парызы мен міндеті екендігін түсіндіру;
- Оқушыларды әскери-спорттық ойындар мен жарыстарға тарту, қоғамдық іс-шараларға қатыстыру;
- Туған өлкенің тарихи-мәдени дәстүрін тануға, құрметтеуге баулу;
- Өз Отанының тағдырына, оның өткеніне, бүгіні мен болашағына өзінің де қатысты екендігін сезіндіру;
- Оқушылардың бос уақытын ұтымды ұйымдастыруға баулу;

Күтілетін нәтиже: Саптық дайындық, саптан шығу, орнына тұру, бастыққа келіп-кеті іс-қимылдарын біліп, топталып жүгіру, кедергілерден өту кермеге тартылу, жатып алып кеудені көтеру, пневматикалық мылтықтан атудан алғашқы дайындықтары болады және де медициналық көмек көрсету негіздерін біледі. Әскери топографиямен танысып, ҚР ҚК жөнінде ақпараттарды білетін болады.

Оқушылардың білім, білік және дағдыларына қойылатын талаптар:**Дене шынықтыру дайындығы****біледі:**

- ондық құрамында қимыл жасауды;
- бір-біріне көмек беруді;

жасай алады:

- қабырғаға шығуды, саты бойымен жүруді;
- кермеде тартылып, жаттығуларды орындауды;
- жалпы әскери денешынықтыру жаттығуларын;
- жақын ұрыста автоматты пайдалануды;
- денешынықтыру жаттығуларды біркелкі жасауды.

Саптық дайындық**біледі:**

- пәрмен беруді;
- басшыға келуді, баяндауды;
- саппен жүруде пәрменді аяққа дұрыс беруді;

жасай алады:

- саппен жүруді;
- саптан шығуды, сапқа тұруды;
- екі қатарға сапқа тұрғызуды
- екінші қатардан саптан шығуды;

Атыс дайындығы

біледі:

- ҚР Қарулы Күштеріндегі қару түрлерін;
- арналуын ұрыстық қасиеттерін;
- бөлшектерінің арналуын және қызметін;
- қолдану саласын;

жасай алады:

- қаруды толық емес бөлшектеуді;
- қарауылды және көздеу планкасын нысанамен дәлдігімен;
- ату барысында дем алудың қолдын қаруды дұрыс ұстап тұруын;
- отырып, тұрып және жатып ату тәсілдерін;

Медициналық білім негіздері

біледі:

- алғашқы медициналық көмек көрсетудегі дәрілердің қолдану ретін;
- қан кетуді тоқтату үшін қажетті құралдарды;
- қысып тұратын таңғышты қою ережелері.

жасай алады:

- бұрау мен жгут салуды;
- бекіткіш таңғыштарды пайдалануды;
- науқастарды күтуді;
- әр түрлі бақытсыз жағдайларда: үсу, күн және ыстық өту, электржарақаты, суға кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсетуді.

Әскери топография

біледі:

- топографиялық картаның қолданылуын, карталарын, бағытын және олардың шамасын;
- азимуттар мен дирекциондық бұрыштарды анықтауды;
- жергілікті жерде карта көмегімен жасалатын қозғалыс ерекшелігін;

жасай алады:

- карта бойынша қашықтықты өлшеуді
 - карта бойынша дирекционды бұрыштарды анықтауды;
- картадан жер бедері, елді мекендер, гидрография, жол торабы, өндірістік, ауыл шаруашылық және әлеуметтік-мәдени объектілер және өсімдіктер жамылғысының бейнеленуін оқуды;

«Жас сарбаз» үйірмесінің

2022 – 2023 оқу жылына арналған күнтізбелік жоспары.

№	Тақырыбы	Сағат саны	Мерзімі
1	Кіріспе сабақ. Үйірмеге қатысушылардың міндеттері мен құқықтары. Жаттығу барысындағы қауіпсіздік шаралар.	1	06.09.

2	Саптық дайындық Орнында тұрғанда бұрылыстар,қозғалыстағы бұрылыстар.	1	13.09.
3	Саптан шығу және сапқа қайта тұру.Бастыққа келу және бастықтан кету.	1	20.09.
4-5	«Әскери іске дайын бол!» Топталып жүгіру, кедергілерден өту. Кермеге тартылу (ұлдар), жатып алып кеудені көтеру (қыздар).	2	27.09
6	Кедергілер элементтерінен өту. Ондық құрамында кедергілер жолағын өту.	1	04.10.
7	Жалпы әскери денешынықтыру жаттығуларын орындау.	1	11.10.
8	Қарумен жасалатын жаттығулар. Жақын ұрыста қаруды, сүңгі пышақты қолдануға арналған жаттығулар.	1	28.10.
9	«Мерген» операциясы» Оқ атпай нысанаға дұрыс көздей білу, қарауылды көздеу планкасымен нысанаға дұрыс бағыттай білу.	1	25.10.
10	Пневматикалық мылтықпен құламалы нысаналарды жылдам ату.	1	08.11.
11	Автоматты бөлшектеу және жинақтау.	1	15.11.
12	Пневматикалық мылтықпен «П» нысанасын 10 м-ден тұрып ату. Тұрып ату жағдайы.	1	22.11.
13	Пневматикалық қарудан оқ ату жаттығуларын меңгеру. Практикалық жаттығу.	1	29.11.
14	Жатып ату қалпын үйрету және ату. Түрегеп тұрып ату қалпын үйрету және ату	1	06.12.
15	Оқжатарды жабдықтау.	1	13.12.
16	Оқты оқ жатарға жинау (уақытқа)	1	20.12.
17	Жарықшақты қол гранаталарын лақтыру	1	27.12.
18	Жалпы әскери қорғаныш толығын комбинезон түрінде кию (уақытқа)	1	10.01.
19	Алғашқы медициналық көмек көрсетудегі дәрі – дәрмек түрлері.Медициналық қобдишадағы дәрі-дәрмектер. Арналуы, қолдану реті, жарамдылық мерзімі.	1	17.01.
20.	Алғашқы медициналық көмек. Қан кетуді тоқтату, таңғыш салу құралдары мен түрлері.	1	24.01.
21	Жарақаттық шоктың пайда болуының алдын алу. Асептика және антисептика туралы түсінік.	1	31.01.
22	Таңғыш түрлері. Бинтті таңғыштардың негізгі типтері. Бекіткіш таңғыштар. Қысып тұратын таңғышты қою ережелері. Таңу материалы	1	07.02.
23	Әр түрлі бақытсыз жағдайларда медициналық жәрдем көрсету.	1	14.02.
24	Әскери өмірмен танысу. Бейнеролик	1	21.02.
25	Қарулы Күштер егемендік күзетінде. Бейнефильм көру	1	28.02.
26	Әскери топография Спутникалық навигация. Спутникалық навигацияның шығу тарихы. Қолдану саласы.	1	07.03

27	Азимут бойынша қозғалыс. Азимуттар туралы түсінік.	1	14.03.
28	Шынайы және магнитті азимут. Компас бойынша азимутты анықтау.	1	28.03.
29	Азимут бойынша қозғалыс жасау үшін мәліметтер даярлау. Практикалық жаттығулар.	1	04.04.
30	ҚРҚМ жарғы әскери оқу орындарына түсу шарттары	1	11.04.
31	Қоян қолтық ұрыс әдістерін үйрету. Өзін өзі қорғау	1	18.04.
32	Газтұмалдырық және жеке қорғаныс құралдарын пайдалану әдістері	1	25.04.
33	Газ тұмалдырығын киіп шешу(уақытқа)	1	02.05.
34	Қорытынды сабақ.Тест тапсырмалары	1	16.05.